

ӘОЖ 378.6

БОЛОН ПРИНЦИПТЕРІ НЕГІЗІНДЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ПӘНДЕРІН ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

АЙМҰХАМБЕТ Ж.Ә.

ф.ғ.д., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ
қазақ әдебиеті кафедрасы, Нұр-Сұлтан
e-mail: a_zhanat@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада әлемдік білім кеңістігіне ортақ жүйе ретінде енгізілген Болон үдерісінің принциптері талданады. Мысал ретінде Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті таңдап алынып, ондағы қазақ әдебиеті пәндерін оқытудың мәселесі қарастырылады. Болон үдерісі бойынша қазақ әдебиеті пәндерін оқытудың қиындықтары мен оны шешу жолдары көрсетіледі. Зерттеу нәтижесінде қазақ әдебиетін әлемдік озық тәжірибелерге сүйене отырып оқытудың маңызы дәлелденеді.

Кілт сөдер: болон үдерісі, ЕҰУ, оқыту, қазақ әдебиеті пәндерін оқыту.

Қазақстан – Орта Азия елдеріндегі Еуропалық білім кеңістігінің (Болон процесі) толыққанды мүшесі болған алғашқы мемлекет. Жаһандану жағдайындағы даму үдерісі білім беру жүйесіндегі жаңашылдықты талап етеді. Осы қажеттілікке байланысты еліміздің жоғары оқу орындарында Болон процесінің стандарттары зерделеніп, оқу үдерісіне қарқынды енгізілуде. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті де дамудың инновациялық бағытын басшылыққа ала отырып, Болон принциптері негізінде жұмыс жүргізуде.

Болон процесі – Еуропа елдерінің білім беру жүйесін өзара жақындастыру және үйлестіру процесі екендігі белгілі. Бастауын өткен ғасырдың 70-жылдарынан алған бұл бағдарлама алғашында білім беру сферасында бірыңғай Еуропа кеңістігін құру, әлемдік кеңістікте жоғары білім берудің еуропалық жүйесінің белсенділігін арттыру мақсатында дүниеге келгені де мәлім.

1999 жылдың 19 маусымы – процесс басталуының ресми уақыты. Осы уақытта Болонья қаласында 29 Еуропалық мемлекеттің министрлері бас қосқан конференцияда «Еуропалық жоғары білім беру аймағы» декларациясы қабылданып, ары қарай 2001 жылы Прагада, 2003 жылы Берлинде, 2005 жылы Бергенде, 2007 жылы Лондонда, 2009 жылы Лувенде өкіметаралық кездесулер өткізілді. Қазірде бұл декларацияға 50 шақты мемлекет кіріп отыр [1].

Болон декларациясы жеті негізгі ережеден тұрады. Олардың мазмұны төмендегідей:

1. Салыстырылатын дәрежелер жүйесін, оның ішінде еуропа азаматтарының жұмысқа орналасу мүмкіндіктері мен жоғары білім берудің еуропалық жүйесінің халықаралық бәсекеге қабілеттілігін көтеруді қамтамасыз етуге арналған диплом қосымшаларын енгізу.

2. Екіжүйелі білім беруді енгізу: бастапқы (pregraduate) және бітіруші (graduate). Бірінші жүйе үш жылға созылады. Екінші жүйеде магистр және доктор дәрежесі беріледі.

3. Студенттердің кең көлемді мобильділігін (кредит жүйесі) қолдауға арналған еңбектің сынақ бірлігін қайта сынақтан өткізудің еуропалық жүйесін енгізу. Ол сонымен бірге студентке оқылатын пәнді таңадау жасауға мүмкіндік береді. Оның негізіне ECTS (European Credit Transfer System) жүйесін назарға алуға ұсыналады.

4. Білім алушылардың мобильдігін барынша дамыту (жоғары аталған екі тармақтың базасында). Еуропалық өңірлерде оқытушылар мен өзге де персоналдардың олардың жұмыс уақытына жұмысалған уақыт мерзімін сынау арқылы мобильдігін кеңейту. Трансұлттық білім беру стандарттарын анықтау.

5. Салыстырмалы критерий мен әдіснамаларды әзірлеу мақсатындағы сапаны қамтамасыз етуге еуропалық ынтымақтастыққа ықпалдастық ету.

6. Білім берудің сапасын бақылаудың жоғары оқу орнышiлік жүйесін енгізу және ЖОО қызметін сыртқы бақылау үшін студенттер мен жұмыс берушілерді тарту.

7. ЖОО-дағы еуропалық танымға, әсіресе, оқу жоспарларын, институттық ынтымақтастықты, мобильділік пен білім берудің біріккен бағдарламаларының кестесі, практикалық дайындық пен ғылыми зерттеулерді жүргізуді дамыту саласына ықпалдастық ету.

Бұл ережелер білім берудің жаһандану үдерісіне толық сәйкестендірілуін басшылыққа алғанын көрсетеді. Ендігі әңгіме – осы жаңа жүйеге ұлттық тіл мен әдебиет мамандарын дайындайтын бағыттың бейімделуі туралы.

Дәстүрлі жүйеден жаңа жүйеге ауысу ірі мемлекеттерде қалай қабылданды? Ресейдің отандық ғылыми және көпшілік әдебиетінде, БАҚ-та Болон процесі турасындағы дискуссия көп жүрді. «Болон процесі – Ресейдегі жоғары білім беру аймағында ең көп талқыланған мәселелердің бірі болды. Бұл, әрине, кездейсоқ емес. Білім беру, оның ішінде жоғары білім саласы – Ресей қоғамында дәстүрлі жүйе ерекше жоғары бағаланатын сала», - деп жазады Мәскеу мемлекеттік университеті әлемдік саяси процестер кафедрасының профессоры М.Лебедева [2, 3].

Дәстүрлі жүйеден жаңа бағытқа ауысу өте күрделі мәселе. Оқу жоспарлары мен мемлекеттік стандарттар, сондай-ақ типтік оқу бағдарламалары мен оқу-

әдістемелік кешендер толығымен жаңа жүйеге лайықталуы, оның талаптарына жауап беруі керек екені белгілі. Әсіресе, таңдау пәндерін анықтап, оларды жаңа жүйеде оқытуда да жаңаша әдіс-тәсілдер қажет.

«Қазақ тілі мен әдебиеті», «Қазақ филологиясы» мамандықтарындағы ұлттық әдебиет пәндерін бейімдеудің қандай жолдары бар деген сауалға ең бірінші берілер жауап мынадай: Еуропалық білім кеңістігіндегі өзара жақындасу және үйлесімділік принципін басты назарда ұстай отырып, ұлттық дәстүр мен танымның, ұлттық рухтың «жанды бейнесі» болған әдебиетімізді осы кеңістікке алып шығу, ұлттық әдебиет пен әлемдік әдеби үдерісті бірлікте қарастыруға ұмтылу – маңызды міндет болмақ. Дәстүрлі білім беру жүйесінде әдеби байланыстар, әдеби аударма, салыстырмалы талдаулар аясында жүзеге асырылып келген бұл бағыттағы жұмыстар енді Болон процесі заңдылыққа сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Еуропалық мемлекеттердің бастамасымен жүзеге асырылған Болон процесі – білім беруді жаңартуға, модернизациялауға негізделсе, осы жүйеге еніп отырған біздің мамандықтарымыз да жаңа талаптарға икемделуі керек. Ақпарат кеңістігін белсенді пайдалана отырып, оқыту үдерісінде болашақ мамандарды осы жаңалыққа бейімдеудің сан қырлы әдіс-тәсілдерін меңгеру оқытушыдан жаңашыл ізденісті талап етеді. Бакалавриат жоспарындағы «Әдебиеттануға кіріспе», «Әдебиет теориясы», «Ежелгі дәуір әдебиеті», «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Қазіргі қазақ әдебиеті», «Әдеби аударма негіздері», магистратурада оқытылатын «Салыстырмалы әдебиеттану», «Әлемдік әдеби даму», «Әдебиеттанудың философиялық-әдіснамалық негіздері», «Модернистік әдебиет» пәндерінің әрқайсысының мазмұндық, білімдік ерекшеліктеріне қарай түрлі бағыттағы әдістемені қолдануды қажет етеді. Мультимедиялық сабақтар, интерактивті тақтаның, ғаламтордың қажеттігі жаңа бағыттағы оқыту үдерісіне белсенді енуі тиімді. Оқытушыларымыздың соңғы кезде жиі басшылыққа алып жүргені – интерактивті тақтаның көмегі. Студенттердің назарын дәрістегі ең маңызды «нүктелерге», детальдарға аудару үшін слайдтар әзірлеп, оның құрылымына сабақ мазмұнын сыйдыру әдеби-эстетикалық білім берудің жақсы бір үлгісіне айналды.

Бұл жерде бір мәселені айтпай кетуге болмайды. Ол – кітап оқу мәселесі. Сонда, ғаламтордың, т.б. ақпарат кеңістігінің көмектеріне сүйенген студент кітаптан алыстап кетпей ме? Әдебиеттің спецификалық ерекшеліктерін негізге ала отырып, бұл қауіптің алдын алу да оқытушының шеберлігіне, біліктілігіне байланысты шешілмек.

Қазіргі кезде Болон процесінің барлық аспектілері Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде мүмкіндігінше жүзеге асырылуда. Жаһандану жағдайындағы дамуды есепке алсақ, жаңа заманмен бірге жас ұрпақтың,

қоғамның алға қойған мақсат-мұраты өзгерді. Осы тұрғыдан келгенде Болон процесінің тиімділігі ерекше. Борлашақ әдебиетші мамандарды біз әдебиетіміздің тарихын, оның әлемдік әдеби дамумен сабақтастығын, теориялық тұжырымдарды, жаңашыл әдеби ізденістерді оқытуда уақытты тиімді пайдалануға үйретеміз. Ғылым мен білім сапасын жаңа заманға лайықтау үшін жастарымызды жан-жақты болуға дағдыландыруымыз керек. Өзге елдердің әдебиетін ұлттық әдебиетімізбен салыстыра білу үшін шетел тілдерін үйрену де студент үшін басты міндеттердің біріне айналмақ. Осы бағытта оқытушыларды, студенттер мен магистранттарды басқа елдерге жіберу, тәжірибе алмастыру аспектісі өте дұрыс ойластырылған. Шет тілін білген, шетел университеттерінің білім беру үдерісімен танысқан студент пен магистрант әлем әдебиетінің дамуына, онда болып жатқан өзгерістерге баға беріп, өз әдебиетіміздің ерекшеліктерін саралап, әдеби үдеріске салмақты сараптама жасауға бейім болады. Болашақ әдебиеттанушыларымызды ғаламдық әдебиеттегі ғылыми-теориялық тұжырымдармен, жаңа ағым-бағыттармен таныстыра отырып, ең алдымен, әдеби шығарманға жан-жақты талдау жасай білуге баулимыз. Қазіргі таңда Болон процесі аспектілерінің белсенді түрде жүзеге асырылып жатқан сыртқы қалпы болашақ әдебиетші мамандар үшін осындай тиімді жұмыстарға мұрындық болуда.

Әдебиетші оқытушылар үшін алдағы маңызды міндеттердің бірі – Болон процесінің білім кеңістігінде ұлттық әдебиетіміздің де мәртебесін асқақтатып, әдебиет пәндерін оқытудың озық әдістемесін негіздеу.

Болон процесі ережелеріндегі икемділік пен білім берудің біріккен бағдарламаларының кестесін түзу – ұлттық әдебиет пен әлем әдебиеті байланыстарын жандандырып, оқытудың жаңа әдістемелеріне, сондай-ақ тың теориялық тұжырымдардың туындауына, көркем аударма саласының жаңа белеске көтерілуіне жол ашары сөзсіз. Болашақ мамандарымыздың жаңа сапалы тұлға болып дайындалуы үшін жаңа ұстанымдарды негізге ала отырып, жаңа ізденістерге жол ашатын әдіс-тәсілдерді басшылыққа алу – қазірде әдебиетші ұстаздардың негізгі ізденісіне айналды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Болонский процесс. Материал из Википедии – свободной энциклопедии // <http://ru.wikipedia.org/wiki/>
2. Лебедева М.М. Введение // Болонский процесс: проблемы и перспективы. Под ред. М.М. Лебедевой – Москва: Оргсервис – 2006.

Аймұхамбет Ж.А.
д.ф.н., профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева
кафедра казахской литературы, Нур-Султан

Организация преподавания казахской литературы на основе Болонских принципов

Аннотация. В статье анализируются принципы Болонского процесса, представленного как единая система в мировом образовательном пространстве. В качестве примера был выбран Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева для рассмотрения вопроса преподавания казахской литературы. Показаны трудности преподавания предметов казахской литературы по Болонскому процессу и пути их решения. Результаты исследования доказывают важность преподавания казахской литературы на основе лучших мировых практик.

Ключевые слова: Болонский процесс, ЕНУ, преподавание, преподавание казахской литературы.

Аймұхамбет Ж.А.
Doctor of philology, Professor, Eurasian National University named after L.N.Gumilyov
Department of Kazakh Literature, Nur-Sultan

Organization of teaching Kazakh literature based on Bologna principles

Abstract. The article analyzes the principles of the Bologna process, presented as a unified system in the world educational space. The Eurasian National University named after L.N.Gumilyov to consider the issue of teaching Kazakh literature. The difficulties of teaching subjects of Kazakh literature on the Bologna process and the ways of their solution are shown. The research results prove the importance of teaching Kazakh literature based on the best world practices.

Key words: Bologna process, ENU, teaching, teaching Kazakh literature